

S. Auyelbekova
Suleyman Demirel University, Kaskelen, 040900, Republic of Kazakhstan

One of the oldest books written in the ancient language of the Mamluk-Kipchak is called Muniyatu'l-Ghuzat. Since this book was translated into the Turkic language, it used native Turkic words. The book is primarily intended for teaching the art of war, so it is written simply, without artistic expressions. The main word stock consists of terms related to military equipment, names of weapons used at the time. The value of this book lies in the fact that it is a historical source of information about the conversational style of that time. There is every reason to consider the book as one of the primary sources of the Kazakh language. The work can serve as the basis for the study of typological features of the Turkic languages, their sound structure, their emergence and evolution, their semantic nature and use in the language. This is an exhibit, which contains information about the nature of root words inherent in the Turkic languages. It reveals the mystery of the nature of the basic vocabulary, which is the core of the ancient root words that form the basis of all the wealth of the vocabulary of the modern Kazakh language. This is one of the most important works, which is considered to be a mirror of the material and spiritual wealth of the people, the only witness to its long historical development. This book is valuable because it will help unlock the secrets of the long historical path of the Kazakh language.

Key words: Mamluk-Kipchak, Muniyatu'l-Ghuzat, Turkic words.

Received: 03.01.2022

FTAXP 17.82.32

Т. Берикбол

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы

АСҚАР АЛТАЙ ӘҢГІМЕЛЕРІНІҢ НОМИНАТИВТІК ҚОЛДАНЫСЫ

Мақалада қазіргі қазақ прозасында өзіндік қолтаңбасы бар, көркем туындылары көпшілікке танымал, көрнекті қаламгер Асқар Алтайдың әңгімелерінің тақырып атаулары қарастырылған. Жазушы Асқар Алтай қолданысындағы ұлттық болмысымызды танытатын этнотаңбаларды қарастыру, олардың экстралингвистикалық мәнділіктерімен тығыз байланыстыра отырып этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу белгілі бір тақырыптық топтарға жататын атаулар жүйесінің құрылымын, олардың қалыптасу заңдылықтарын айқындауға өзіндік үлес қосады. Демек, этнотаңбалардың берілуі ақиқат өмірмен байланысты ономазиологиялық зерттеуді қажет етсе, ол этнотаңбалардың рухани мәдениетпен астасуы этнолингвистикалық зерттеуді қажет етеді. Сондықтан ана тіліне жөргегінен жарыған жазушы А.Алтай әңгімелеріндегі этнотаңбалардың мазмұнын, қазақ халқына тән өзіндік ерекшелігін, этномәдени ерекшеліктерін анықтау қажет.

Кілт сөздер: постмодерндік, әңгіме, тақырып, образ, этномәдени, құндылық.

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінің кейінгі жас толқынының сюжет құру ерекшеліктерін дәстүрлі прозаға қарағанда өзгеше екені мәлім. Бұл ерекшелік авторлық ұстанымына, уақыт пен кеңістік рөлімен түсіндіріледі. Ұлттық әдебиеттегі ашыла жазуға, көсіле жазуға заманы мүмкіндік бермеген модерндік әңгіме үлгісі заманауи прозашыларымыз тарапынан қазіргі дәуірде постмодерндік әңгіме үлгісіне айналды. Атап айтар болсақ, Жүсіпбек Қорғасбек,

Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Роза Мұқанова тағы басқа жазушылардың әңгімелерін ұғыну үшін олардың постмодерндік бағытының тереңіне үңілуіміз керек. Классикалық әдебиеттегідей сюжет, композиция деп талдаудан алыстап барамыз. Постмодернисттер сюжетке оқыс оқиғалар, образдарды басқаша түрде ұсынып, оқиғаны күтпеген тұста аяқтап тастап, оқиғаның шешімін оқырманның үлесіне қалдырады. Тіпті, мысалы, «Дидар Амантайдың әңгімесінен сюжет іздемей-ақ қойған абзал. Себебі сіздің іздеген сюжетіңіз бұл әңгімеде жоқ» деген пікірде Таласбек Әсемқұлов [1, 20]. Қазіргі қазақ прозасында біраз қаламгерлердің шығармаларында виртуалды әлемді суреттеу көптеп кездеседі.

Сөздік-көркем туындыларда барлық кейіпкерлер виртуалды болып табылады, олар нақтылы өмірде емес, автордың ішкі дүниесінде, содан кейін барып оқырман туындыны оқыған кезде оның ішкі дүниесінде өмір сүреді. Сондықтан автор нақтылы өмірдің виртуалды сыңарынан қалыптастырған кезде өзінің виртуалды адамдарына өздерін нақтылы өмірдегі адамдар сияқты қылықтар жасауына мүмкіндік береді: олар басқа адамдарды бейнелейді немесе өзін сипаттайды.

Қазіргі таңда өзіндік ізденісімен орта буын өкілдерінің алдыңғы қатарында есімі аталатын жазушы Асқар Алтайдың шығармаларындағы сюжеттік ерекшеліктеріне сипаттама береміз.

«Әрбір жазушы – дейді, Қ.Жұмаділов, - егер ол шын суреткер болса, әдебиетке өзінің өмірбаянын, өз тақырыбын ала келетіні белгілі. Жазушының қолтаңбасы, стилі, концепциясы дегендер де осы тақырып ерекшеліктерінен туындайды» [2, 138].

Әдебиеттің дамып гүлденуі оны жасап отырған халықтың еншісінде. Соның ішінде, жазушылар, ақындар дейтін сала-сала сарабал қасиетке ие жандардың үлесінде. Сол секілді қазақ әдебиетінің де ежелден қалыптасқан қаңқасының қаланып, берік болуына үлес қосқан дәуір жазушылары да, дәуір ақындары да жетіп артылады. Әрқайсысы – өз кезеңінің ағымына артыла жазған тұлғалар.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Асқар Алтай – қазіргі қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрының жан-жақты дамуына еңбек етіп жүрген, қаламы жүйрік авторлардың бірі. Жазушы әңгімелерінде болсын, прозасында болсын ұлттық болмыс, ұлттық салт-дәстүр, ұлттық тәрбие мәселесі жиі көтеріледі. Сондықтан да ұлттық сипатты танытатын тілдік ерекшеліктер де молынан кездеседі. Танымға байланысты «жылу жинау», «сарқыт» сияқты этнотаңбалар бар. «Жылу жинау» жәрдем, көмек сұрау мағынасын білдіреді. Ал «сарқыт» – дәстүрлі қазақ қоғамындағы ежелден келе жатқан салттардың бірі, ырым. Тойдан, айт мейрамынан ырымдап кәмпит, құрт сияқты дәмнен алып, үлкен кісілер үйдегі балалары мен келіндеріне әкеліп ауыз тигізеді. Сол сияқты үлкен табақтан қалған етті де «сарқыт» деп, оны да жастар үлкен кісілердің жолын, абыройын берсін деп ырым қылып жеген. Қазақ салтында сарқыттың ырымдық әрі тәрбиелік, дәстүрлік маңызы зор. «Жылу жинау», «сарқыт» – этнотаңба. Тек қазақ танымына, қазақ ұлтына тән.

Қазіргі тәуелсіз қазақ әдебиетінде Асқар Алтай – өз бағытын айқындап, стилін танытқан жазушы. Оның шығармаларынан кезінде З.Қабдолов жазушыдан талап ететін сегіз қасиетті толық көруге болады.

Жазушы көбіне қазақ елінің өткенін безбендеп, елдігін танытатындай тақырыпта жазады. Оның әңгімелерінен тақырып атауларын ерекше қоятынын көруге болады. Қаламгердің «Шаһид», «Стақан», «Кентавр», «Шың», «Қоңыр қозы», «Мәйіт», «Прописка» шығармалары әңгіменің не жайында және тақырып не туралы екендігінен оқырманға ақпарат береді. Ал «Лайбаран», «Көзжендет», «Балақ бау», «Кер азу», «Оба жылғы сауық», «Салқын ұрған жапырақтар», «Соқыр тұман», «Тасбақаның тақыры», «Мар», «Қызбейіт», «Мең-зең» әңгімелерінің тақырыптары өзгеше әрі қызық.

«Балақ бау» аналитикалық тәсіл арқылы жасалған лексема, номинативтік атау. «Кер азу» – бұл тақырып атауы да жоғарыдағы тәсіл соның бір жолы тіркесу арқылы жасалған. «Кер азу» «құлдырау» деген ауыспалы мағынаны білдіреді. «Тасбақаның тақыры» деген тақырып атауы қайталауға негізделген, фонетикалық қайталау, бірыңғай «т» дауыссыз дыбысының қайталануы, ол – аллитерациялық тәсіл. Тіркестің өрімін құбылтып, оқырманға әсерін күшейту мақсатында қолданылатын, дыбыстар үндестігіне құрылған ерекше тәсіл. Осы тәсіл арқылы әңгімеге атау болған. «Мең-зең», «Қызбейіт» тақырып атаулары аналитикалық тәсіл арқылы жасалған.

Оқырман қауымды әңгімені оқуға, әңгіменің не жайлы екендігін білуге деген құштарлық сезімін ашары сөзсіз. Осы тарапта басқа жазушылардан ерек екенін, тек қана қоғамдағы өзекті мәселелерді жазып қана шектелмей, тақырып атауларын ұтымды қоя алатынын байқауымызға болады.

Жазушы шығармаларындағы бір ерекшелік – шығарма ішіне тағы бір шығармаға сюжет боларлық бір оқиғаны сыйғызуы. Сондай әңгімелерінің бірі – «Стақан» әңгімесі. Әңгімеден үзінді:

«Терезе бүгін тағы шертілді...

Тарихшының да бір аптадан бері еті үйреніп алған еді. Бұл таңертеңгі тоғыз болмай, әлгі белгілі нас басқа стақанды береді. Кешкі жетіден өте жуан қолдан стақанды қабылдап алады. Стақанның да орны бар. Ол Жәнібек бұл үйге көшіп келмей тұрғаннан бері белгіленсе керек. Соған қарағанда, стақан жай емес, осы үйде, осы жерде сақталып қалған тарихи реликвия сияқты.

Стақанның сырттағы қожасы ыдысты бұған бос әкелмейді. Міндетті түрде елу грамдай түбіне қалдырады... Оған Жәнібек те үйренді. Алғашқы жолы стақандағы сарқыннан жиіркенген де, әрі таңырқаған да. Тыстағы қожайынның жуан басын азаннан «жазатыны» ғой деп ойлаған.

Олай болмай шықты. Ол стақанды терезесінен енгізіп, ернеуіне қойдырып жүргені – үйдегі қожайынға арнайы қалдырған сарқыны – «сарқыты» екен. Тіпті құрметі болса керек.

Жәнібек ертеңгісін келе-сала, «Неге ішпедің? Саған арнайы қалдырдым ғой... Ішпесең ренжимін!» деп, «сарқытын» ішкізіп кеткен. Содан бері күні бойы жападан-жалғыз жазуын айналдырып отырған Жәнібек те қамшы салдырмайтын болды. «Сарқыт» та түрлі түсті: кейде қызыл, кейде ақ.

Сырттағы бейтаныс қожайынның «сарқыты» кешке жақын бой-бойын босататындай, еркін тыныстататындай күйге түсіретін. Дәндеп алғаны сондай, күн кешкіре бастаса-ақ, жастықты алып, жартыкеш терезені жарым-жартылай ашып, елеңдей күтетінді шығарған [3, 99].

Бұл мәтіндерде Жәнібектің ішімдік атаулыны білмеуі, одан оның дәмін татып, еті үйрене бастағаны және ішімдікке салынуы жайлы айтылады. Ішімдікке салынғаны сонша – өртеніп жатқан «үйін», диссертациясын, кітаптарын көріп оянады. Оны келесі мәтіндерден көруге болады.

Василий жарықты өшіріп, шылымының шоғын қызартып, бірталай отырды. Шоқиып отырып үстел үстіндегі стақан мен шөлмек түбінде қалған сарқынды қотарып салды. Тағы темекі тұтатып, жамбастай қисайды. Сол бойында аузынан су ағып, ұйықтап кетті. Ал аңдаусызда сермеліп қалған қолынан ұшып кеткен шылым тұқылы аяқ жағындағы бұрышқа жиналған кітаптардың арасына барып түсті. Жәнібек те, Василий де қатты қорылға басқан сәтте қатталған мол кітаптың етегінен от көрінді. Жалынның жарығынан қараңғы бөлменің ішін қараң-құраң толқынды сәуле қыдырды.

Қақ бұрыштан көтерілген көп кітаптың жалыны маңайын тез-ақ жалмай бастады. Солықтаған иттің тіліндей жалаңдаған от алдымен ағаш шкафты, оның үстіндегі қолжазба салулы семіз папкаларды орап алды. Өрт жалыны жылы кітапты бойлай бетон төбеге жетіп, кері шалқығанда, етегі едендегі қазақ сырғағының шетіне іліккен.

Жәнібек пен Василий бірақ сезер емес. От қызуын да сезінер емес. Қайта іштегі жалын мен тыстағы жалын жандарын жайландыра түскендей, қамсы қорылдайды. Қу қарағаштың

шірік дінін кеулеген шоқтай, бұрыштағы төбе бойы тік тұрған кітаптарды оранған от бағаны үйдің ортасына қарай оқыстан құлады. Шоқтанған кітап жалы жерде жатқан Василийдің аяғын басып қалды.

Василий сонда ғана бажылдай, ал Жәнібек барқырай оянған...

Алғашында түкке түсінбей, оттың қып-қызыл сәулесі қыдырған көрдей бөлмеде бір-біріне жалаңаш қол ұмтылды. Құшақтары айқаса кеп түскенде ғана тамұқ емес, өңдері екенін аңдап, шығар есікке екеуі де ессіз үреймен қарғи секірді. Тар есікке тығындай кептелді де қалды.

Іле ірей тіресіп ауызғы бөлмеге, одан сыртқа да шықты-ау!

Таң қылаң беріпті. Көктемгі таза ауа күйік қолқаларын қауып қалды. Екеуі де екі жаққа бұрыла жер тізерлеп, бұрала локси берді.

Ал таң бозы тән тоңазытарлық ызғарлы еді [3, 109].

Әңгімеде Жәнібектің араққа салынып, диссертациясын қорғап, ғалым болам деп отырған жерінен бәрінен айрылуы, үйі мен үйіндегі заттардың жанып кеткені суреттеледі. Арақтың абырой бермейтінін, қазаққа жат екендігін, түбі жақсылықа жеткізбейтінін жазушының әңгімені аяқтауынан-ақ көруімізге болады. Ішімдікке салынуға да себепкер өзі және өзгелер. Дегенмен, бір стақаннан басталып, соңы бір шөлмекке айналғанын, Василийдің арақ әкеліп, ішкізуі бәрі Жәнібектің кінәсі еді. Егер арақ атаулыға жоламағанда, үйі де өртенбес еді. Диссертациясын қорғап бәлкім үлкен ғалым болар ма еді? Бірақ олай болмады.

Жазушы қазіргі кездегі ең өзекті мәселелердің бірі жастардың, қоғамның ішкілікке, ішімдікке салынуы және одан шыға алмауы туралы үлкен мәселені қозғайды. Отбасының берекесі кетіп, айқай-шу, ұрыс-төбелес сияқты мәселелерге негіз болып отырған шөлмектің, арақтың кінәсі екендігін жеткізгісі келеді. Сол арқылы оқырманға ой тастайды. Жалпы әңгіменің «Стақан» деп аталу себебі түсінікті.

Ал стақан сөзі ежелгі орыс сауаттылығында және Иван Калитаның рухани хартиясында кездеседі. Болжам бойынша бұл ыдыс түрік халқының ағаштан жасалған, «тостаған» ыдысымен тікелей байланысты. Заманауи қазақ тілінде «тостаған» сусын ішуге арналған шыныаяқты білдіреді. Көне дәуір адамдары бұл сияқты ыдысты кез келген ағаштан ойып жасауға еңбек құралдары тапшы болғаны тарихтан белгілі. Дегенмен, алған ағашты кесіп, одан ойып ыдыс жасамаса да, бір лажын тапқан болу керек. Ол лаж – ағаш қабығы. Онда да кез келген ағаш емес, қайыңның қабығы. Қайыңның қабығы қазіргі тілімізде «тоз» болып аталатыны баршамызға аян. Осы мағынадағы бұл атау ертедегі түркі жазба ескерткіштерінен қазіргі күнге дейін сақталған. Мысалы, якуттарда «туос», өзбек тілінде «түс», туваларда «тос». Ал хакас тілінде «түүс» сөзі – тоздан жасалған ыдыс мағынасын білдіреді. Мұның өзі біздің жорамалымыздың шындықтан алшақ еместігінің айғағы. Хакас тіліндегі тұлғаға қазақ тіліне тән жұрнақтар қосыла отырып (тос + та + ған), «тостаған» қалпына дейін жеткен. Егер бұны ерте кездегі дәстүрмен түсіндірсек, «тоздан жасалған ыдыс» болмақ [4].

Ал Р.Сыздықованың «Сөздер сөйлейді» еңбегінде тостақ, тостағандай деп берілген. Қазақ батырлары айтатын ойын өлеңдерінде:

Бақа, бақа балпақ,
Басың неге жалпақ?
Көзің неге тостақ? -

деген сөздер бар. Адам қорыққанда көзі тостағандай болды дейміз. Бақаның бір түрін тостаған бақа деп те атайды. Бақаның тасбақа деген де атауы бар. Мұның дұрысы – тосбақа болуы керек: тостақ бақа < тостаған бақа. Осылардың барлығындағы тостақ, тостаған сөздерінің түбірі - тоста-. Көне түркі тілдерінде тоста- етістігі болған, ол «көзді кең ашу» деген мағынаны білдірген. Сонда тостақ деген сөз «кең ашылған, бажырайған, бақырайған» деген сын есім болып шығады. Бақаның көзі, шынында да, тостақ. Ал тостағандай болды, тостаған бақа дегендердегі тостаған сөзі – сірә, тоста- етістігінің есімше тұлғасы емес, тостақ көз бақа, көзі тостайды дегендердің «қазақшасы» болар, яғни тостау етістігінің өзі қолданылмайтын болғандықтан, одан жасалған туынды сөздер (тостақ) мен грамматикалық

тұлғалары қазақ тілінде мағынасы келіңкірейтін, «икемделу», түсінікті сөзбен (тостаған) ауыстырылуы ықтимал: тостаған – дөңгелек ағаш ыдыс, сондықтан көзі тостағандай болды деген «көзі кең ашылып, тостаған сияқты дөңгеленіп, үлкейіп көрінді» деген ұғымға икемделген болар деп топшылаймыз. Тостаған бақа да сол сияқты. Ал, шындығында, тостаған бақа>тостақ бақа – «көзі тостақ жәндік» [5, 170].

Сонда стақан сөзі тостаған сөзінен шыққан. Тіліміздегі жәшік, кәмпит, стақан, бәтеңке, үстел, бөтелке сияқты сөздер орыс тілінен кіріп, фоно-морфологиялық өзгеріске ұшыраған. Сол сөздің бірі – стакан, яғни стақан. Кірме сөз, зат есім.

«Стақан» әңгімесімен үндес, тақырып жағынан, идеясы жағынан ұқсас шығармалардың бірі «Лайбаран» әңгімесі. Бұл әңгімеде де негізгі кейіпкер Әкөннің ішкілікке салынып, отбасынан, оқуынан айрылуы жөнінде. Бірақ «Стақан» әңгімесінен өзгешелігі көтерілетін мәселесі. Ол - БОМЖ-дық күйге түсуі, әрі ит аулайтындармен бірге өмір сүруі туралы болады. Жалпы осы әңгімеде айтылғандардан өзге досының жанашыр ретінде болып, оны ит аулайтындардың қолына табыстауы, көшеде қайыр сұрауы, ит өлтірмеуге, оның етін жемеуге намыстануы, намыстанып Ваняны өлтіруі суреттеледі.

Шынайы өмірде болатын оқиғаларды ащы шындықпен жазуы оқырманға ой салдырып, бір жағынан Әкөнді жек көргіздіріп, бір жағынан Әкөнге жаны ашып оқуы қазіргі қоғамда болып жатқан жағдайларға бей-жай еместігінен хабардар етеді.

«Лайбаран» әңгімесінен мәтіндер:

«Бәрі де сол студенттік күндерден басталды... Ырың-жырың жүріс, ырду-дырду думан үйіріп, қызды көрсе қызыл көрген бұқадай еліріп, қызыл шарап «Талас» пен мөлдіреген түссіз «Водка» құтыртып, аяғы бір курсты бітірместен әскерге кетіп тынған. Ол бір Совет өкіметінің кең кезі, елді есіркеген тұсы – 80-жылдардың басы... Қазір ғой дүниенің бәрі қуырылған бидайдай бір уыс боп тұрғаны.

Әскерден арам тер боп келсе, Сейсен ауылда милиционер екен. Сейсен бұған Семейдегі оқуыңды жалғастыр деп кеңес берген. Қайырымы мол құдіреттің арқасында бұл оқуына орныққан. Бірақ ескі әдетінен арыла алмай, ішімдікке ат басын тағы бұрды. Ішіп жүріп Нұрайнаны жүкті қылып, онымен отау көтерді. Балалы болды. Бірақ бұлдыраған тірлікте табансыз боп шықты. Заһар суын қоя алмады. Институтты да тастады, Нұрайнадан да айырылды. Ауыл-аймаққа, ел-жұртқа, туған-туысқа барар бет қалмады. Жол кесілді.

Қаңғалақтап жүріп Алматы асты. Сұлуы көп, жылуы жоқ сайқал қалаға тез-ақ сіңіп кетіп еді...

Базар маңын торып, жылы құбыр астын мекендеп жүрген өзі секілділерге мүлдем бауыр басып алған. Қыста шокпыт шапан жамылып, жазда жалаң жейде киіп күн кешті. Қайыр сұрап, тілеу тілеп, қоқыс ақтарып, шөлмек өткізіп – жылу жинаумен жылдарын өткізді. Мұндай мұңсыз өмірге, алаңсыз тірлікке егі үйреніп кеткені сондай, дүние төңкеріліп түссе де саңылаусыз күйге енген. Есіл-дерті екі стақан арақ-шарап еді... Сол жолда бәрін құрбандыққа шалыпты. Тіпті сақал-мұртына шейін бит балалап, тұла бойын күс басып кетсе де жалқаулықты жар көріпті» [3, 113].

Кейіпкердің қаңбыс күй кешіп, арақ десе, ішімдік десе бәріне баратынын, әскерден келсе де ес жимай, сол арақтың соңынан кетуі өкінішті. Оны тіпті әйелі де, өз туған баласы да тоқтата алмады. Солай өмір сүріп, қайыр сұрап жан бағады.

Әкөннің қайыр сұрауын келесі микроәтіннен көруге болады.

«Сол бір сырдаң тіршілігіне Сейсен кластасы кеп тағы араласты. Ол өзі ойда-жоқта жолықты. Қаланың қақ ортасын кесіп өтетін Гоголь көшесі бойындағы кішкене базарда тіленші боп жүріп жолығысқан. Сейсен Алматыға Заң институтындағы қысқы сессиясын тапсыру үшін келіпті. Базарда байқамай қалды, болмаса бұрыла қашар еді.

-Әй, Әкөн! – деген дауыс дәл қасынан шыққанда, бұл жайма үстелде арақ-шарап сатқан кексе әйелден «5 теңге» сұрап тұрған. «Әкөн» деп балалық кезіндегі лақап атын естігенде селк ете түсіп, әлгі әйел қолындағы берген 5 теңгесі ұшып кетті...

-Үй, енеңнің қара қасқасы... Тілің таңдайыңа жабысып қалды ма, жаңа ғана тақылдап, берместің білегіне жармасып, көрместің көзін шұқып ала жаздап тұр едің ғой?

- ...А-а!.. Амансың ба? – деген Әкөн, ұялған тек тұрмастың керімен.

- Е-е, бәсе! Байлана қоймапты. Әй, әй, Әкөн-ай! Адамдық кептен кетіп қалыпсың. Осығұрлы не болды саған?

-Ей, Сейсен! Сен сұрама, мен айтпаймын... Басты қатырып қайтесің? Одан да 5-10 теңге тастап кет. «Кеуіп» тұрмын» [3, 114].

Автор тағы да ішімдіктің, арақтың қазаққа жат екенін, оны ішкеннен абырой бермейтінін, керісінше адамдық кейіптен танып, адасатынын, жаман жолға түсетінін жеткізгісі келеді. Тіпті қайыр тілеу, тіленші болу қазаққа жат нәрсе. Қанша кедей, қанша жарлы болса да қазақ халқы қайыр тілемеген. Арақтың кесірінен осындай пайдасыз дүниелерге баруы, санасының бұзылып, төмен дәрежеге түскенін, өмірдің мәнін түсінбей, әйелі мен баласын мүлдем ойламауы кейіпкердің іс-әрекетінен көрініс табады. Тек досы келіп, атын атағанда ғана кішкене ұялғандай болады.

Ал сол досының бұған жанашырлық білдіріп, «достық» кейіп танытуы былай беріледі:

- Әкөн, – деді Сейсен салмақпен, – сен азамат емессің бе? Бәрін де қой! Ұлыңды тірі жетім қылма... Нұрайна да күтіп жүрген сынайлы. «Қайтып келсе, мен қарсы емеспін ғой! Тек жас өмірімді өксіткеніне өкінем... Баламның әкесі ғой, жақсы болсын, жаман болсын!» дейді.

- Менде бет жоқ, Сейсен. Түрім болса – мынау, жеті елдің жесіріндей...

-Түк те етпейді, Әкөн. Басың аман болса, бәрі де орнына келеді. Ар жағын көріп алармыз. Жерден шыққан жік емессің ғой.

- Сейсен-ау, мына күйімде Нұрайна тұрмақ, ел шошып кетеді ғой...

- Бық деме! – деді Сейсен, Әкөнің көңіліне дән түскенінен дәмеленіп...

Ыстық су мен бу бұлауынан кейін Иван-кочегар «ақанды» жұтқызып жіберіп, майға қуырыла піскен семіз, бірақ тарамыстау етті қарбыта соқтырып: «Ертең-ақ адам болып кетесің. Сендей талай салбөксені кісі етіп жібергем...» деп, Болат-бұзауға жылы оратып, жылы бөлмеге жеке жатқызып тастады... Дядя Ванясы сондай бір қамқорлық көрсетіп еді [3, 115].

Сейсен қайыр тілеп отырған жерінен Әкөнді алып кетіп, оны ит аулайтындардың қатарына қосады. Досы сондай жаны ашып тұрса, ауыр жұмыс болсын, базарда жүк көтерсін, басқа жұмыс тауып беруіне де болушы еді. Бірақ осындай халде болғандықтан, оны құтқарудың орнына құздан құлатқандай болды.

Осы кезде әңгіменің не себепті «Лайбаран» аталғанын байқауға болады.

Орталықтан тез алыстаған бұлар бәкене үйлер іркес-тіркес аулалы қиқы-жиқы көшелермен ұзақ жүрді. Әлдебір жылтыр шатырлы, еңселі үйдің қақпасына кеп тірелді. Ваня-кочегар қалтасынан құлып ашқыш бір шоқ темірді саудыратып суырып алды. Басы күршек боп иілген әлгі темірлерді дәлдестіріп, қақпаның қайырма құлақты құлыбын ашуға кірісті. Қақпа аузындағы сылдырды естіген әлдеқандай ит арғы жақтан, аула ішінен арсалаңдай жетіп, бөгде адамдар екенін сезісімен арсылдай үрді. Сол екі ортада құлып та сарт етіп, қақпа да сықырлай ашылды. Иван-кочегар аула ішінде шабалана үріп тұрған тайыншадай итке ашылған қақпа жарығынан қойнынан алып көк ет тастады. Ашқарақ хайуан арс етіп, сиырдың көк етін қауып, қорқаудай қорқ-қорқ асады. Иттің сұрпы етті салп-салп еткізе аузына тістеп, қорқ-қорқ жұтқаны қақпа сыртындағы бұларға анық естіліп тұрды.

Ваня-кочегар онымен де тоқтамады: «Әп, бәлем, солай ма!?» деп әлденені саумалай тартты. Енді ит қыңсылай бастады. Бұған:

- Акон, ұста мынаны! – деп бұйырды.

Бұл:

- Қане? Қайда? – деп оның жалаңаш қолындағы жіптен ұстады.

Ала көлеңкелі ай жарығында ұстағаны жіп емес, қос қабат ширатылған китауыз екенін ұқты. Иван-кочегар болса күпәйкесінің ішінен әлдеқандай тері жыртындысын жұлып алып, қақпаны аша ішке кірді. Оның артынан Әкөн де енді. Аузын қыңсылай ашқан дәу төбеттің тұмсығына Ваня-кочегар әлгі теріні иіскетіп жатты. Ол да иттің терісі екен. Енді тайдай

келген кавказдық иттің үні мүлде өшті... Осы бір қарбаласта сырты ақ кірпіштен қапталған биік, кең аулалы үйден жан баласы шыға қоймады. Қасқырдай қабаған итке сенді білем...

Қазандыққа кіре сала Болат-бұзау иттің аузына білектей кергі ағаш салып, тұмсық үстін ала қайыс белбеумен тартып, төрт аяғын аяқастыра біріктіріп, малша буып тастады. Иван-кочегар бұған сыртқы есікті құлыптатып, көмір кіргізетін ұры есікті де жаптырып, ішінен ілгек салдыртты. Түн ортасы болып қалған мезгіл еді.

- Боти! – Ваня-кочегар Болат-бұзауды еркелете сөйледі. – Мүмкін, мына Акон бауыздар. Бұл да мұсылман ғой...

- Мейлі, – деді Болат-бұзау иығын қиқаң еткізіп. Бұл болса:

- Жоқ! – деді жалма-жан. Дауысы да оқыс, тарғылдана шықты.

- Е, не боп қалды? Сенің үлесің мол. Жолың да жеңіл екен, оп-оңай алып кеттік. Өзі өгіздей семіз, ұртымыз майланып, ішегіміз айланып, нағыз май тышқақ болатын болдық... Қой бауыздап көрмеп пе ең, одан оңай, - деп ділмарсыды Ваня-кочегар.

- Жо-жоқ!.. Мал да бауыздаған емеспін, – деп Әкөн азар да безер болды.

- О-хо-хо! Ха-ха-ха! - Иван-кочегар қарқылдап ала жөнелді. – Ей, Боти, мынауың нағыз Қожанасыр!.. – Кенет тоқтай қалды да: - Лайбаранның еті мен майын кешеден бері соққанда аузың-аузына жұқпайды... А-а!.. Ал оны адал сойып алғың келмейді. Смотри, мұсылман!.. Сен кешегі студент кезінде ит емес, адам сойдың емес пе!.. Қап-қара боп қатып қалған мәйіттің тұла бойын тінтікілеген жоқпысың... Бүгін өп-өтірік монтанси қалыпсың, а-а?! Кеше ғана жүз грамнан кейін мақтана көпірмеп пе едің, а-а?! Малғұн!

- Өлімтік!.. – деді алқынып. – Қаныңды ішем... Жаның барында «бараныңды» бауызда! Болмаса балтамен басын шап! [3, 118].

Әңгіменің соңында Әкөн итті өлтірмей, оны өлтір деп бұйрық берген Иван-кочегарды өлтіріп, итті босатып жібереді. Иванның «Иттен туып, іннен шыққан» деген сөзі оның сөніп қалған намысын оятады. Әңгіменің «Лайбаран» аталуы итті ұрлап, оның етін сатып, жеп, күн көретін Иван-кочегар мен Болат туралы. Олар бұл істі кәсіпке айналдырғалы, еттері үйреніп, итті есінен тандырып әкеліп, бауыздап, етін алған соң ішек-қарнын пешке салады. Ал бұл істі өмірінде бірінші көрген Әкөн одан жиіркеніп, аш қалсам да итті бауыздап, етін жемеймін деген байламға келеді. Иван болса оған жатып ішер адам керек емес екенін, біздің жанымызда тұрып жатқаннан кейін оның да бұл іспен айналысқанын қалайды. Әкөнің жүрегі қаламағаннан кейін, оған қанша қысым көрсетілсе де ары бармайтын іс істегісі келмеген соң, ақыры Иванды өлтіріп тынады.

«Лайбаран» сөзі – біріккен сөз. «Лай» сөзі орыстың лает етістігінен жасалған. Яғни, ұру. Ал «баран» сөзінің аудармасы – қой. Қазақ халқының басты тағамы ет болғандықтан, әр келген қонағына қой сойып берген. Оны бауыздап, сойған, мүшелеген. Ал ит сою қазақ танымында, қазақ болмысында атымен жоқ дүние. Сол себепті автор әңгімені өте ерекше атаған. Бұл жазушының шеберлігін, жаңашылдығын байқатады.

Асқар Алтайдың бұл әңгімесінің кейіпкері Әкөн екі әлемнің арасында дүбара күйде жүреді. Жас шағындағы намысшыл, таза қалпынан жүре пайда болған араққа деген тәуелділіктен айырылып, санасы уланып, «БОМЖ»-дық әлемге бой ұрады. Бұл кейіпкеріміздің жүре қалыптастырып алған өзіндік әлемі. Ал, аздап тиымнан соң санасы серги бастаған Әкөнің, көңіл түкпіріндегі сезімдері оянып, қайта қалпына келе бастағандай еді. Баз баяғы табиғи әлемінің көкжиегі көрінгендей [6, 22].

Келесі әңгіме «Оба жылғы сауық» деп аталады. Әңгімеден үзінді:

«Отыз жетіде ұшты-күйлі жоғалған әкенің ғайыптан тірі қалған жалғыз ұрпағы ғой, Бұл Мұңлық... Ғайыптан аман қалғаны да ақиқат, Жеңіс жылғы Іле бойында аяқ астынан шыққан обадан жалғыз қалған жан емес пе. Күнтуғаннан бүгінгідей сөз естігенше, 45-жылы обада өліп, өртеніп кеткені жақсы еді... Сұраусыз еді ғой. Сұраусыз жан – құнсыз тән. Өртеніп-ақ кеткені абзал еді-ау!

Сол 45- жылғы оба Сарыесік құмының қыр бетіне қоныс аударып, ыраң көкте мал төлдетіп отырған төрт бірдей шаңырақты отап кетті ғой. Тоғыз жасар Мұңлықтың бәрі көз алдында өтті.

Ауылнайдың «Оба!..» деген бір ауыз суық сөзімен алды-артына қаратпаған мал мен жан түп-түгел отқа оранды. Ажалсыз бұл ғана екен, ғайыптан тірі қалды... Көрер жарығы бар да.

Ауылнай келген күні ауылдағылар жылан шақты ма деп, екі-үш күннен бері сүт ішкізіп күйдірілген киіз басып, ыстық теріге орап, өздерінше ем-дом жасап жатқан шеткі үйдегі қойшының әйелі ісіп-кеуіп қайтыс болды. Ауылнай Ақсақ Ақан «обалап» ауылға қарай атын борбайлап тұра шапқан.

Ертесінде түс ауа-ақ ақ халат киген, аузы-мұрындарын таңып алған дәрігерлер мен мылтықтары шошайған, олардың да тұмсықтары ақ дәкемен тұмылдырытаулы, түймелері мен оқалары жарқыраған, сап-сары ала киінген әскери адамдар екі жүк машинасымен салдыр-күлдір сау ете түскен. Келген бойда ауылдағы адамға, түздегі малға, өрістегі қойшыға, көгендегі қозыға қасқырдай тиген.

Мал үрікті, адам үрейленді.

Сөйтсе бұл көк соққандардың құлағына «оба!» деген суық хабар тиісімен сонау Алматыдан күн құрғатпай жетіпті ғой. Қызыл іңір кіргенше құм қырында сойқанды салды дейсің... Төрт шаңырақ астындағыларды орысша шүлдірлеген әлгілер күштеп еге бастады.

Бала біткен шырылға басты. Әлдебір жамандықты сезгендей мал қорыған иттер үріп, ішін тарта ұлыды. Сол-ақ екен ит атаулыны әскерилер қорғасынмен жайратып салды [3, 315].

Ауыл жоқ, адам да, мал да. Орнында тау-тау құм. Ауада ашқылтым келген ауыр иіс бар... Төңірек құлаққа ұрған танадай.

Бұлтсыз аспан, қызулы күн. Желемік желпіп өтеді. Байсал тіршілік белгісіндей бозторғай ғана шырылдайды.

Тоғыз жасар қыз түкке түсінер емес. Айқұш-ұйқыш автомашина сорабы мен адам ізінен басқа бұл жерде құтты тіршілік болмағандай. Мұңлық та мәңгіріп қалды. Есі де кіресілі-шығасылы сияқты. Көзіне жас та келмеді.

Ол ауылға – Көкжидеге қарай бұрылды.

Көкжиде бірақ алыс еді, құдай көмектескенде әлдебір салт атты кезігіп, жолда бөгде бір сиыршының үйіне қонып, ертесінде әлгі үйдің үлкен ұлы атпен жеткізіп тастаған. Ауылға келсе ұлан-асыр той... Жеңіс тойы... Жау жеңіліп, соғыс тоқтапты. Бөркін аспанға атқан ел. Ашытқан сыра ішіп қызған жұрт. Әсіресе, майданнан жараланып ерте келгендер жағы. Наурыз келгендей мәре-сәре болып, үйді-үйді аралап, сауық-сайран құрған халық.

Көкжидедегі Қанымгүл шешесі бар жайға бұдан қанығып, шашын жұла қайғы көтерді. Қайран мұның нағашы атасы мен апасы құм ішінде аруланбай қалды. Соғыстың біткенін, жеңістің келгенін білмей дүниеден көшті. Бес жыл бойы бел шешпегенде Жеңіс күнгі қарапайым адамдардың шынайы сезім тербеген сауығына, риясыз қуанышына ортақтаса алмай арманда кетті...

Бірақ Оба жылғы ол сауық пен Барыс жылғы бұл сауықтың арасы жер мен көктей...

Иә, жер мен көктей...

Жер мен көктей болмаса – Арқа асып несі бар?! Қозысын ерткен арқардай Арқа асып несі бар?! Көкжасаңды сылбыраң мамырда жолға шығып несі бар?!» [3, 318].

Әңгіменің «Оба жылғы сауық» деп аталуы сол кездегі оба мен Жеңістің тұспа-тұс келуінен. Сол ауылда оба шыққанын естісімен-ақ Алматыдан арнайы адамдар келіп, ауылдағы төрт шаңырақты егіп, малдарды өртеп, үйлердің бәрін жойған болатын. Нағашы атасы әкесінен қалған жалғыз тұяқ деп Мұңлықты аман алып қалады. Сол обадан жалғыз тірі қалған да, бар сұмдықты көрген де Мұңлық еді. Сол ауылдан кетісімен, Көкжидеге келсе, жұрт Жеңіс тойын тойлап, халық сауық-сайран құруда екен. Нағашы атасы мен апасының аруланбай, соғыстың бітіп, Жеңіс тойын тойлай алмай кеткеніне шешесі қатты қамығып, қайғырды. Әңгіменің «Оба жылғы сауық» деп аталуы осыдан.

Оба – ауыр түрде уланып, без түйіндері, өкпе және басқа мүшелері ерекше зақымданғаны білінетін жедел жұқпалы ауру. Ағымы ауыр, жоғарғы өлімді ауру, көп жерге таралу мақсатымен аса қауіпті аурулар тобына кіреді [4]. Тақырып атауы аналитикалық тәсіл

арқылы қабыса байланысқан атрибуттық қатынастағы есімді күрделі синтаксистік тіркес арқылы жасалған.

Сонымен, тақырып таңдау да, оның идеясын құру да жазушыға байланысты. Бір тақырыпқа әр жазушы әр түрлі идеямен жазады. Көтеретін мәселесі де, беретін ойы да жазушының шеберлігіне байланысты. Қаламгер өз өмірінен өткен және қоғамдағы маңызды мәселелерді көтеріп жазары сөзсіз. Оқырманды елең еткізіп, оқуға құштарлығын ояту (ашуы) үшін, тақырып атауының өзі әу дегенде әңгіменің мазмұнынан ақпарат беріп тұруы үшін жазушы әңгімеге ерекше тақырып (атауын керек емес) қояды. Осы тұста жазушы Асқар Алтайдың жоғарыда аталған әңгімелерінен үзінді келтіріп, әңгіменің не себепті солай аталғанын, көтерген мәселесін анықтадық.

ҚОРЫТЫНДЫ

Асқар Алтай шағын жанр өрісіндегі өзіне ғана тән ерекшеліктері мен шығармашылық жолындағы идеалық-көркемдік ізденістерін саралай келе, «Лайбаран», «Оба жылғы сауық», «Мар», «Стақан», «Көзжендет», «Кентавр», «Салқын ұрған жапырақтар», «Соқыр тұман», «Кер азу», «Тасбақаның тақыры» және тағы басқа әңгімелерінде жазушы ұлттық дәстүрді, этномәдени құндылықтарды биік қойып, көркемдікпен бейнелейді. Көтеретін проблемалары батыл да өткір, ашық та нақты қойылуымен ерекшеленеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Алматы ақшамы. -2012. – 26 шілде.
- 2 Майтанов Б. Қазіргі дәуірдегі модернизм және постмодернизм. – №2, 2011 ж.
- 3 Асқар Алтай. Киллер сауысқан. – Алматы: Атамұра, 2008.
- 4 Wikipedia. Available at: <https://www.wikipedia.org/>
- 5 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Ел-шежіре, 2014 ж.
- 6 Такиров С.У., Шәмшиева Ж.Н. Хабаршы ҚарМУ, №3 (79), 2015 ж.

Материал 15.03.2022 баспаға түсті

REFERENCES

- 1 *Almaty aqshamy*. (2012) July 26.
- 2 Maitanov, B. (2011) Qazırgı дәuірдегі modernizm және postmodernizm [Modernism and postmodernism in modern times]. *Qasım*, 2.
- 3 Altai, A. (2008) *Killer sauysqan* [The killer is cold]. Almaty: Atamūra.
- 4 Wikipedia. Available at: <https://www.wikipedia.org/>
- 5 Syzdyqova, R. (2014) *Sözder söileidi* [Words speak]. Almaty: El-şejire.
- 6 Takirov, S.U. and Shamshieva. Zh.N. (2015) *Habarşy QarMU*. 3 (79).

Номинативное использование рассказов А.Алтая

Т. Берикбол

Кокшетауский университет имени Ш.Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются тематические названия рассказов известного казахского писателя Аскара Алтая, имеющего свой почерк в современной казахской прозе, широко известны его художественные произведения. Рассмотрение этносимволов, репрезентирующих нашу национальную идентичность в употреблении писателя Аскара Алтая, в тесной связи с их экстралингвистическими значениями этнолингвистическое исследование вносит свой вклад в определение структуры системы наименований, относящихся к определенным тематическим группам, закономерностей их формирования. Следовательно, если передача этнографий требует ономаσιологического исследования, связанного с реальной жизнью, то сопряжение этнографий с духовной культурой требует

этнолингвистического исследования. Поэтому содержание этносимволов в рассказах писателя А.Алтая, писавшего на родном языке, является характерной чертой казахского народа, этнокультурными особенностями.

Материал поступил в редакцию журнала 14.03.2022

Nominative use of Askar Altai's stories

T. Berikbol

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

The article deals with the thematic titles of stories by the famous Kazakh writer Askar Altai, who has his own style in modern Kazakh prose, whose literary works are widely known. Exploring Askar Altai's uses of ethno-symbols that represent our national identity, analyzing these symbols in close connection with their extralinguistic meanings, ethnolinguistic research contributes to determining the structure of the system of names related to certain thematic groups, the patterns of their formation. If the transmission of ethnographies requires onomasiological research related to real life, the combination of ethnographies with spiritual culture requires ethnolinguistic research. Therefore, the content of ethnic symbols in stories by Askar Altai, who wrote in his native language, is a characteristic of the Kazakh people, its ethno-cultural features.

Key words: postmodernism, story, theme, image, ethnocultural, value.

Received: 14.03.2022

ГРНТИ 16.21.33

Е.Е. Демидова

Международный гуманитарный университет им. П.П. Семёнова-Тян-Шанского, г.Санкт-Петербург, 199226, Россия

СТРУКТУРНЫЕ ПОНЯТИЙНЫЕ ПРИЗНАКИ КОНЦЕПТА СКИПЕТР ПЕРИОДА XX-XXI ВВ.

Цель статьи: описать понятийные признаки в структуре концепта скипетр. Задачи статьи: 1. Проанализировать словарные статьи «скипетр» в толковых словарях XX-XXI вв., энциклопедическом словаре, а также словарях иностранных слов; 2. Определить весь набор понятийных признаков концепта скипетр; 3. Проанализировать языковой материал и для поиска «пропущенных» в словарях понятийных признаков; 4. Объединить найденные признаки в тематические классы. Концепт скипетр является заимствованным в русской лингвокультуре. На материале девяти толковых словарей и одного энциклопедического словаря, а также словарей иностранных слов было выявлено 14 понятийных признаков заимствованного концепта скипетр. Понятийные признаки концепта скипетр объединяются в пять блоков: 1. Знак ('власть', 'жезл', 'знак', 'регалия', 'символ', 'эмблема'); 2. Социальный статус ('достоинство', 'монарх', 'царский/ царствующий'); 3. Ценность ('из драгоценного металла', 'с драгоценными камнями', 'украшенный'); 4. Принадлежность ('монархический'); 5. Технология ('с резьбой').

Ключевые слова: заимствованный концепт, понятийный признак, структура концепта, современная языковая картина мира, лингвокультурология, концептология.